



«КЕЛІСІЛДІ»

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің
Мектепке дейінгі және орта білім
беру комитетінің төрағасы

 Г. Кәрімова
«26 » 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

«Балдәурен» РОСО» РМҚҚ
Бас директоры

 С. Алибаев
«26 » 08 2022 ж.

Бүкіләлемдік туризм күніне арналған «Мен Қазақстанды танимын» өлкетану маршруттарының Республикалық қашықтық байқауын өткізу туралы **ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Ереже Бүкіләлемдік туризм күніне арналған «Мен Қазақстанды танимын» атты өлкетану маршруттарының Республикалық қашықтық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің жалпы қағидаттары мен тәртібін айқындайды.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

2.1 Байқаудың негізгі мақсаты жас ұрпақты өлкетану шежіресімен таныстыра отырып, туған жерге деген отаншылдық сүйіспеншілігін қалыптастыру;

2.2 Оқушылардың өзіндік шығармашылық іскерлігін арттыру және қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру.

2.3 Байқау міндеттері:

- дарынды және белсенді оқушыларды анықтау;
- оқушылардың жалпы мәдени және ғылыми-зерттеу құзыреттерін дамыту;
- мектеп оқушыларының өлкетануға деген қызығушылығын ынталандыру.

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

3.1 Байқауды «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚҚ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен өткізеді.

4. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

4.1 Байқауға 7-9 сынып оқушылары қатысады.

4.2 Қатысу түрі – жеке немесе командалық (2 қатысушыдан артық емес)

5. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Байқау 2022 жылдың 1- 27 қыркүйекке дейін өткізіледі. (*Байқауга қатысу – тегін*)

5.2 Байқау форматы – қашықтықтан, онлайн режимде ZOOM платформасы арқылы өткізіледі.



5.3 Байқауды дайындау мен өткізу бойынша жұмысты үйлестіру және жүзеге асыру үшін «Балдәурен» РОСО-ның педагогикалық ұжымынан үйымдастыру тобы құрылады.

5.4 Үйымдастыру тобы Байқаудың қорытынды кезеңін дайындауға және өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, қазылар алқасының құрамын, Байқаудың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы-командалардың тізімін бекітеді, Байқау қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

5.5 Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздарды анықтайды.

5.6 Байқау 2 кезеңде өткізіледі:

I кезең – іріктеу кезеңі: 2022 жылдың 1- 20 қыркүйек аралығы. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексеріп, қашықтықтан өтетін Республикалық байқаудың II кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді.

II кезең – қорытынды: 2022 жылдың 26-27 қыркүйек аралығында өтеді. I кезең жеңімпаздары ZOOM платформасы арқылы байқау жұмыстарын қорғайды.

5.7 Қорғауға авторға (бірлескен авторға) 7-8 минут уақыт беріледі.

6. ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

- Байқауға қатысу үшін 2022 жылдың 20 қыркүйегіне дейін www.baldauren.kz сайтында «**Байқау - Өлкетану**» сілтемесі арқылы өтінімді толтырып, талаптарға сәйкес (қосымша 1) рәсімделген **байқау жұмыстарын baldauren.baiqau@mail.ru пошtasына (әрбір қатысушының жұмысын жеке хат ретінде)** жіберу қажет.

6.1 Байқауға 7-9 сынып оқушыларының жұмыстары келесі бағыттар бойынша ұсынылуы керек:

- «Тұған өлкемнің Ұлы тұлғалары»
- «Тұған өлкемнің туристік әлеуеті»
- «Тұған өлкемнің тарихи және мәдени ескерткіштері»
- «Тұған өлкемнің табиғи қазынасы»

6.2 Зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар қорғауы слайд түрінде өткізіледі.

6.3 Үйымдастыру тобына көрсетілген мерзімнен кеш түскен, сондай-ақ, қойылатын талаптары орындалмаған байқау материалдары қабылданбайды.

7. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1 Байқау жұмыстарын бағалау мынадай критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады:

- Байқау тақырыбына және ұсынылған бағытқа сәйкестігі;
- Байқау жұмысының өзектілігі;
- Жұмыстың дербестігі;
- Ұсынылған жұмыстың болашағы мен практикалық нәтижелері;
- Шығармашылық көрініс.

8. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫГАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

8.1 Байқау талаптарына сай келетін жұмыстар үшін растьайтын электрондық Сертификат беріледі. (*Байқау талаптарына сай келмейтін жұмыстар үшін Сертификат берілмейді*)

8.2 Байқау жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

8.3 Байқау қорытындысы 2022 жылдың 28 қыркүйегінде www.baldauren.kz сайтында жарияланады.

1. Байқау жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- жұмыс көлемі иллюстрацияларды қоса алғанда, А4 форматындағы 20 беттен аспауы тиіс.
 - материалдар келесі форматтауда ұсынылады:
 - Microsoft Office Word форматы;
 - «Times New Roman» қарпі;
 - негізгі мәтін –14 кегль, 1 ретті интервал;
 - өріс: жоғарғы және төменгі өріс - 2 см; сол жақ өріс 3 см; он жақ өріс 1-ден 1,5 см-ге дейін;
 - қажетті шегініс-1,25 см;
 - мәтінді туралау – ені бойынша;
 - бет нөмірін құру: позиция - беттің төменгі жағында, туралау - ортадан, бірінші беттегі нөмір көрсетілмейді;
 - сөздерді тасымалдау: болдырмау;
 - тырнақша қою символы «....».
 - байқау жұмысы мыналарды қамтуы тиіс:
 - мұқаба параграфы;
 - мазмұны;
 - кіріспе-жұмыстың өзектілігін көрсетеді және тақырыпты таңдауды, оның мақсаттары мен міндеттерін, жұмыс орнын негіздейді;
 - негізгі бөлім: материалдар мен зерттеу әдістері;
 - тәжірибелік бөлім: жұмыс нәтижелері және оларды талқылау;
 - қорытынды (қорытындылар, ұсыныстар);
 - пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

2. Презентацияны ресімдеуге қойылатын талаптар.

- Баяндама үшін слайдтардың оңтайлы саны 5-7 минутқа: 10-12 слайд.
- Презентация құрылымы
 - 1-слайд – тақырыптық слайд;
 - 2-слайд – зерттеудің мақсаттары мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні;
 - 3-слайд – жұмыстың негізгі кезендері;
 - 4-7-слайдтар – нәтижелер;
 - 8-9-слайдтар – қорытындылар мен ұсыныстар;
 - 10-11-слайдтар – практикалық қолдану;
 - 12-слайд – назар аударғаны үшін алғыс.
- Слайдтарды нөмірлеу керек, бұл сұрақтар қою үшін ыңғайлыш.
- Тақырыптық слайдта келесі ақпарат болуы қажет:
 - Байқау жұмысының тақырыбы;
 - автордың (бірлескен автордың) аты-жөні;
 - содан кейін автордың фотосуретін, кішкентай тақырыптық символды, суретті (орташа мөлшерде) ортасында немесе сол жағында орналастыруға болады.